

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE
OF TURBULENCE»**

2 часть

2015

Астана

УДК 339.9(063)
ББК 65.5
Ә 52

Редакция алқасы

МАДИЯРОВА Д.М. – төрағасы, э.ғ.д., профессор
РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі
АХМЕТЖАНОВА С.Б. - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты
АЗАТБЕК Т.А. – э.ғ.д., профессор
ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. – э.ғ.д., профессор
РАИМБЕКОВ Ж.С. – э.ғ.д., профессор
ШАЛБОЛОВА У.Ж. – э.ғ.д., профессор
КӘРІБАЕВ Ә.А. - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»
СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ. - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры
ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-577б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешекономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-577с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.577.

ISBN 978-601-301-521-7

УДК 339.9(063)
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

ISBN 978-601-301-521-7

7. <http://www.kdb.kz/ru/> Қазақстан Республикасының Даму банкі

8. <http://bnews.kz/ru/news/post/205480/>


ЛОГИСТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫҒА ӘСЕРІ

С.Е. Сагидоллаева, Ж.С. Раимбеков

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

Жаһандану заманында, елді өңірлік дамыту бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылудың негізгі кілті болып табылады. Көптеген елдердің Жалпы Ішкі Өнімнің жоғары бөлігін құрайтын мұнай мен табиғи шикізаттарға бағаның күрт түсуі, өңірлік дамыту мәселесін тереңдетіп қарастыруға жол ашты.

Осы уақытқа дейінгі өңірлік дамыту саясаты халықтың қолайлы өмір сүруі үшін жағдай жасауға негізделді. Өңірлерді дамытудың негізгі басымдықтар Жалпы Өңірлік Өнімді өсіру, (ЖІӨ) үлесіндегі ШОК үлесін жоғарылату, тұрғын үй, сәулет және құрылыс саласындағы мемлекеттік реттеуді жетілдіру, білім беру, денсаулық сақтау, спорт, ҚР-дағы жер ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануға берілді. Солардың ішіндегі негізгілері ретінде «Бизнестің жол картасы 2020», «Қол жетімді тұрғын үй 2020», «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламаларын айтуға болады[1].



Сурет-1 2014 жылғы 9 ай бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ , мың теңге
Дереккөз: ҚР-ң Статистика агенттігі сайты

Бұл суреттен көріп отырғанымыздай, жан басына шаққандағы ЖӨӨ-ң ең жоғарғы деңгейі Атырау облысы(5052,1), Астана қаласы(3009,4) және

Алматы(3118,2) қалаларына тиесілі болса, ең төменгі көрсеткіштер Оңтүстік Қазақстан(561,4), Жамбыл(601,2), Алматы(629,6) облыстарына тиесілі. Бұдан, Оңтүстік Қазақстан облысының жан басына шаққандағы (ЖӨӨ)-ң Атырау облысы көрсеткішінен 9 есе аз екендігіне көз жеткіземіз. Дамыған АҚШ, Канада, Ұлыбритания сынды батыс елдерінде бұл көрсеткіш өңірлер арасында соншалықты айырмашылық жасамайды, сондықтан да дамыған мемлекеттер өңірлердің экономикалық жағдайын түзеу арқылы бәсекеге қабілетті ел атанып отыр. Батыс елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, 2014 жылы өңірлік дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы бекітілді. Жаңадан қабылданған өңірлік саясат бойынша еліміз «бірінші деңгейлі» қалалар(агломерациялар), «екінші деңгейдегі» қалалар(облыс орталықтары, Семей және Түркістан қалалары), «үшінші деңгейдегі» қалалар(шағын және моноқалалар), тірек ауылдық елді мекендер, шекара маңындағы аумақтар сынды экономикалық аумақтарға бөлінеді.

Өңірлерді экономикалық және әлеуметтік жағынан дамыту мына бағдарламалар шегінде жүргізіліп жатыр: «Өңірлік дамыту», «Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 бағдарламасы» , «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылықты жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы», «2011-2020 жылдарға арналған Ақбұлақ», « Қолжетімді тұрғын үй-2020». Соның ішіндегі «Бизнестің жол картасы 2020», «Агробизнес 2020» , «Су ресурстарын басқару» , «Үдемелі индустриялды даму ».

Өңірлік дамытуды экономиканың түрлі салалары мен инфрақұрылымды көтеру есебінен жүргізе аламыз. Ал, өңірлердегі инфрақұрылым дамымай, салалардың экономикалық дамуын алға жылжыта алмаймыз. Дағдарыс жағдайында инфрақұрылымды дамыту арқылы жұмысбастылықты қамтамасыз ету және дамудың балама жолдарын іздестіру батыс елдері тәжірибесінен бізге белгілі. Минералды ресурстарға бағаның күрт түсуі есебінен болған дағдарыс шағында, бұл бағытты ұстана отырып, біз көліктік инфрақұрылымды дамыту арқылы өңірлер арасындағы байланысты нығайтып, логистикалық механизмдерді қолдану арқылы, отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі мен халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылатуға жол ашамыз. Алдағы уақыттағы жүзеге асырмақшы өңірлік саясаттың өзі өңір ішілік және өңірлер арасындағы экономикалық және әлеуметтік байланысты қолдау үшін логистикалық қызметті жүзеге асыруды қажет етеді. Егер логистикалық механизмдерді өңірлерді дамытудың функциясы ретінде қолданатын болсақ, мынадай нәтижелерге қол жеткізе аламыз:

-Біріншіден, көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, жұмысбастылықты қамтамасыз ететін, маятникті көші- қон процесін жеңілдетеді.

Сурет-2- ден жыл сайын, орташа есеппен шағын және моноқалалардың халқының 20 %-ы ірі қалаларға көшіп кететінің көруімізге болады. Бұл үрдіс ары қарай жалғаса беретін болса, жалған агломерация қаупін туғызуы мүмкін [2].

	Шағын қалалар	Моноқалалар
Халық санының азаюы, %	Ерейментау (28,3), Степняк (24), Державинск (20,6), Сергеевка (22,5), Мамлютка (19,3), Булаево (18,9), Шар (16,7)	Арқалық (33,5), Қаражал (19,5), Абай (19,3), Жаңатас (18,2), Серебрянск (16,3)

Сурет-2 Шағын/моноқалалар арасындағы аса сыни көрсеткіштер бойынша ақпарат

Дереккөз: «Өңірлерді дамыту 2020» бағдарламасы

Ал, оның негізгі себебі инфрақұрылымның, әсіресе көлік қатынастары жүйесінің дұрыс дамымауы. Алдағы уақытта Батыс Қытай- Батыс Еуропа жобасы аясында Алматы, Ақтөбе агломерациялары мен Қызылорда және Жамбыл облыстары арқылы өтетін 2,5 мың шақырымдай жол салынады және қайта жаңғыртылады. Ал Нұрлы жол бағдарламасы арқылы микроөңірлер автокөлік, темір жол және әуе жолдарымен байланыстырылады. Сәйкесінше бағдарламалар жүргізіліп жатқан аймақтарда салыстырмалы түрде, халақтың жұмыспен қамтылу деңгейі жоғары. Алдағы уақытта логистикалық функциялары дұрыс қолданылса, өңірлердегі жұмысбастылық пен халық тығыздығын тұрақты деңгейі қалыптасады [3].

- Екіншіден, көліктік инфрақұрылымның дамуы отандық өнімдердің өңірлік таралуы мен экспортталуына жол ашады. «Өңірлік дамыту 2020» бағдарламасы бойынша шеткері жатқан ауылдық елді мекендерді мамандандыру мен импортты экспортқа ауыстыру жұмыстары жүргізіледі деп күтілуде. Мысалы, елдің шығыс бөлігіндегі ауылдық елді-мекендердің көбі ағаш өнімдерін шығаруға маманданған болып саналса, батыс өңірдегі елді-мекендер теңіз өнімдерін өндіруге маманданған. Осы маманданған аумақтарға логистикалық механизмдерді енгізу арқылы сауда байланыстарымен қатар, ШОК те дамиды.

-Үшіншіден, аталып өткен агломерация, моноқалалар мен шағын елді мекендердің логистикалық орталықтар арқылы байланысуы елдің экономикалық, әлеуметтік жүйеде тиімді жұмыс істеуіне жол ашады. Агломерация, моноқалалардағы логистикалық орталықтар республика өңірлерімен байланысты жүзеге асырса, шекара маңындағы ірі логистикалық орталықтар көрші мемлекеттермен және Батыс Еуропа мемлекеттерімен байланысты орнатады. Сәйкесінше логистикалық орталықтар мен халықаралық көлік дәліздері аумағында ірі сауда орталықтары, қонақ үйлер, автокөліктерге техникалық қызметкөрсету орталықтары, тамақтану орталықтары ашылып, еліміздің экономикасына елеулі үлесін қосады. Сондай-ақ, тарихи орындарды жаңғырту мен туризм орталықтарын салу да, өңірлік дамытуды алға жылжытады.

Қорытындылай келе, өңірлік дамыту қолданыстағы тәжірибелерді жетілдіруді, салалық бағдарламаларды және инфрақұрылымды дамытуды біріктіреді. Соның ішінде логистикалық инфрақұрылымның дамуы басқа салалардың да дамуына әсерін тигізетінін жоғарыда келтірілген мәліметтер

арқылы көруімізге болады. Өңірлерді дамытудағы айтылып өткен нәтижелерге қол жеткізу үшін, келесідей шаралар ұсынылады:

- Мемлекет деңгейінде, институционалдық және нормативтік реттеулерді жетілдіру.

- Аймақ деңгейінде, аумақтардың әкімшілігіне қарайтын логистикалық департаменттердің ашылуы; логистикалық жоспарлау қызметінің департаменттермен бақылануы; логистик мамандардың біліктілік деңгейін жоғарылататын орталықтар қалыптастыру.

- Кәсіпорын деңгейінде, жеткізу, буып-түю және тағы басқа қызметтерге аутсорсинг қызметін пайдалану; шетелдік компаниялармен тығыз байланыс орнату; кәсіпорын мен ЖОО арасындағы байланыстың орнатылуы.

Әдебиеттер тізімі

1. «Өңірлік дамыту 2020» бағдарламасы
2. www.stat.gov.kz
3. www.akorda.kz.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК ЖҰМЫСБАСТЫЛЫҚТЫ ӨСІРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

М.Б. Садуақасова, Л.А. Темірбекова, М.С. Бердіходжаева

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыттарын көрсетті, олардың бірі болып еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету мәселесі табылды [1].

Бүгінде Қазақстан азаматтарының жұмысбастылық мәселесі әлі де өткір болып тұр. Оны шешудің әдістерінің бірі шағын кәсіпкерлік құрылымдарды ұйымдастыру болып табылады. Барлық трансформациялық кезең ішінде шағын сектор экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда үлкен қарқындылықты көрсетті, жедел қайт құруға жоғары қабілеттілікті білдірді және осы мағынада экономикалық жүйенің ең икемді өндірістік сегменті болды.

Замануи өтпелі кезеңде экономика құрылымы түбірлі өзгерістерден өтіп жатыр. Маңызды құраушылары нарықтық институттар мен экономикаға мемлекеттік әсер ету тұтқалары болып табылатын шаруашылық механизм қайта өндіру үдерісінің жаңа құрылымын қалыптастырады, онда ең маңызды орындардың бірі шағын кәсіпкерлікке тиесілі болуы керек.

Шағын кәсіпкерлік мемлекеттік секторды шағын және ұсақталған сұранымды қанағаттандыруға бағытталған тауарлар мен қызметтерді өндіру,